

Ұлытау облысындағы "Қазақмыс" корпорациясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің "Жомарт" кеніші шахтасының аумағындағы аварияның себептерін тергеп-тексеру және оның салдарын жою жөнінде үкіметтік комиссия құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2025 жылғы 18 ақпандағы № 42-ө
Өкімі

2025 жылғы 17 ақпанда Ұлытау облысындағы "Қазақмыс" корпорациясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің "Жомарт" кеніші шахтасының аумағында болған аварияның себептерін тергеп-тексеру мақсатында:

1. Осы өкімге қосымшаға сәйкес құрамда Ұлытау облысындағы "Қазақмыс" корпорациясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің "Жомарт" кеніші шахтасының аумағындағы аварияның себептерін тергеп-тексеру және оның салдарын жою жөнінде үкіметтік комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылсын.

2. Комиссия дереу жұмысқа кіріссін, аварияның себептерін жан-жақты тергеп-тексеруді қамтамасыз етсін, келтірілген залалды бағалау, зардап шеккендерге және қаза тапқандардың отбасыларына бірінші кезектегі көмек көрсету жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Комиссия төрағасы Қанат Алдабергенұлы Бозымбаев аварияның себептерін тергеп-тексеру нәтижелері және келтірілген залалды бағалау, зардап шеккендер мен қаза тапқандардың отбасыларына бірінші кезектегі көмек көрсету бойынша қабылданған шаралар туралы баяндасын.

Премьер-Министр

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2025 жылғы 18 ақпандағы
№ 42-ө өкіміне
қосымша

Ұлытау облысындағы "Қазақмыс" корпорациясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің "Жомарт" кеніші шахтасының аумағындағы аварияның себептерін тергеп-тексеру және оның салдарын жою жөніндегі үкіметтік комиссияның құрамы

Бозымбаев
Қанат Алдабергенұлы

-

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары
, төраға

Әрінов
Шыңғыс Сайранұлы

-

Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар министрі,
төрағаның орынбасары

Рыспеков Дастан Адайұлы	-	Ұлытау облысының әкімі
Аленов Бауыржан Төлегенұлы	-	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары
Сарбасов Ақмәди Әділұлы	-	Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі
Нұрлыбаев Ержан Шәкірұлы	-	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі
Шархан Иран Шарханұлы	-	Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі
Дубаев Рашид Құлтайұлы	-	Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті төрағасының міндетін атқарушы
Нұриев Нұрахмет Қанатұлы	-	"Қазақмыс" корпорациясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басқарма төрағасы (келісу бойынша)